SARQAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады ● www.sarkan-gazeta.kz ● e-mail: Igiman01@mail.ru ● №25 (9579) 21 маусым 2024 ж.

23 маусым - Қазақстан полициясы күні



# Ел тыныштығын қорғаушылар

***23 маусым – 1992 жылғы заң негізінде пайда болған Қазақстан полициясының кәсіби мерекесі. Бұл Қазақстан полициясының міндеттері мен функцияларын айқындаған алғашқы құқықтық акт болды. 2007 жылы 5 маусым күні арнаулы Жарлыққа сәйкес 23 маусым Полиция күні деп бекітілді.***

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев үнемі полиция қызметкерлерінің кәсібилігі мен жанқиярлығы басты қасиеттер екенін айтып келеді.

Құқық қорғау органдары осынау қасиеттерді басты бағдар етіп, еліміздің іргe көтеріп, қаз тұра бастаған сәттен бастап, тәуелсіз туын көтерген бүгінгі күнімізге дейін еркениетті құқықтық мемлекетке жүктелетін міндеттерді атқарып келеді.

Тәуелсіз мемлекет құру жағдайында Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне азаматтардың құқығы мен бостандығын заңсыз қол сұғудан қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыспен күресу жөнінде жауапты міндеттер жүктелген. Полиция қызметкерлері – тәртіп сақшылары, әрбір азаматтың құқықтары мен мүдделерін қорғау қызметін атқарады. Адамдар өздерін қауіпсіздікте сезінуі үшін қоғамдық тәртіпті қорғаумен қатар, қылмыстың алдын алуды анықтаумен айналысады. Әрбір қазақстандық және біздің еліміздің әрбір азаматы полицейді өзінің қорғаушысы, кез келген қиын сәтте көмекке келетін тұлға деп білуі керек.

Ішкі істер органдары мемлекетімізде заңдылық пен құқық тәртібін нығайту ісіндегі барлық жауапкершілікті түсініп, азаматтардың қауіпсіздігі мен конституциялық құқығын қамтамасыз етуде оң нәтижелерге қол жеткізіп, қиын қызметін абыроймен атқаруда. Ішкі істер органдарында қызмет ету – Қазақстан Республикасы азаматтарының халық пен мемлекет алдындағы қызметтік міндеттері мен кәсіби парызын орындаумен байланысты мемлекеттік қызметтің ерекше түрі.

Халыққа адал қызмет ету-полиция үшін ең жоғарғы абырой болып табылады. Осындай істі үлкен азаматтық батылдықпен, қызметтік борышқа деген адалдықты бірінші орынға қойған біздің Ішкі істер органдарының ардагерлері бүгінгі жастар үшін үлкен үлгі. Бейбітшілікті көз қарашығындай сақтап, қоғамдық тәртіпті уақытпен санаспай қадағалаған ардагер ағаларымызға шексіз алғысымызды айтамыз.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін полиция қызметкерлеріне үлкен жауапкершілік жүктелген. Азаматтардың қауіпсіздігі, олардың бүгінгі және ертеңгі күнге деген сенімі тәртіп сақшыларының кәсібилігіне, берік азаматтық ұстанымына және батылдығына тікелей байланысты.

Қазақстан Полициясы күні – қазақстандық полицияны қалыптастыруға жан аямай күш салғандар мен оның қатарында қызмет етушілерге деген алғыстың белгісі. Бұл – өз ісіне деген адал қызметімен халықтың қадіріне ие болған полиция ардагерлеріне деген шынайы алғыс мерекесі. Сіздерге денсаулық, ел игілігіне бағытталған қызметте табыс, жақсылық пен барлық бастамаларыңызға сәттілік тілеймін!

**А.АМАНГЕЛЬДИНОВ,**
**Сарқан АПБ бастығы, полиция подполковнигі.**

## Бүгінгі нөмірде:



2

► Армандай алады, бірақ ұша алмайды



4

► Ауыл медицинасы дамып келеді



8

► Адал еңбек бағаланды

## Аудандық сайлау комиссиясының қаулысы

**Сарқан ауданы Көктерек ауылдық округі әкімін тағайындау жөніндегі сайлау туралы**

Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-1 бабына сәйкес Сарқан аудандық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сарқан ауданының Көктерек ауылдық округінің әкімін сайлауы 2024 жылғы 21 шілде айына тағайындалсын.

2. Сарқан аудандық Көктерек ауылдық округінің әкімін сайлауын дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулы Сарқан ауданы әкімдігі сайтының «Сайлау» интернет-парақшасына, «sarkan_sailau» инстаграмына және жергілікті аудандық «SARQAN» газетінде жариялансын.

4.Осы қаулының орындалуын бақылау аудандық сайлау комиссиясының хатшысы Ш.Нургалиеваға жүктелсін.

**Төраға М. Естеуов**
**Хатшы Ш. Нургалиева**

## Постановление районной избирательной комиссии

**О назначении выбора акимаIoктерекского сельского округа Сарканского района**

В соответствии со статьей 113-1 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Сарканская районная избирательная комиссия ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1.Назначить выборы акима Коктерекского сельского округа Сарканского района на 21 июля 2024 года.

2.Утвердить Календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выбора акима Коктерекского сельского округа Сарканского района согласно приложения к настоящему постановлению.

3.Опубликовать настоящее постановление на интернет-странице «Выборы» сайта акимата Сарканского района, инстаграмм «sarkan_sailau» и районной газете «SARQAN».

4 Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на секретаря районной избирательной комиссии Ш.Нургалиеву.

**Председатель М. Естеуов**
**Секретарь Ш. Нургалиева**

## Аумақтық сайлау комиссиялары

Орталығы: Сарқан қ., Қабанбай батыр к-сі, 24 а, тел. 8 (72839) 21996.
Комиссия төрағасы – Естеуов Муратбек Касымбекович
Комиссия төрағасының орынбасары – Кабдолданова Салтанат Сакеновна
Комиссия хатшысы - Нургалиева Шолпан Каналовна
Комиссия мүшелері – Маткаримов Нурахмет Жанахметович, Аскарова Айгуль Оразгалиевна, Баяхмет Гүлжан Ерғазықызы, Сыдыков Алмаз Сыдыкович.

## Территориальные избирательные комиссии

Центр: г. Саркан, ул. Кабанбай батыра, 24 а, тел. 8 (72839) 21996.
Председатель комиссии - Естеуов Муратбек Касымбекович
Заместитель председателя комиссии – Кабдолданова Салтанат Сакеновна
Секретарь комиссии - Нургалиева Шолпан Каналовна
Члены комиссии – Маткаримов Нурахмет Жанахметович, Аскарова Айгуль Оразгалиевна, Баяхмет Гүлжан Ерғазықызы, Сыдыков Алмаз Сыдыкович.

## Сарқан аудандық сайлау комиссиясы учаскелік сайлау комиссиясының құрамын жариялайды (п. 2, 17-құжат)

**Көктерек ауылдық округі**

**№ 378 учаскелік сайлау комиссиясы**

Орталығы: Көктерек ауылы, М.Арын көшесі 22, «Жетісу облысы білім басқармасының Сарқан ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «М. Мәметова атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ, тел. 8 (72843) 22421.
Комиссия төрағасы – Мухамадиев Насихат Оразович.
Комиссия төрағасының орынбасары – Дюсенбаев Дархан Берикбосынович.
Комиссия хатшысы – Байбаракова Жансая Оралбаевна.
Комиссия мүшелері – Бигожанова Шолпан Улановна, Касымханов Нурлыбек Кайырбекович.

## Сарканская районная избирательная комиссия публикует состав участковой избирательной комиссии (п.2, ст. 17)

**Коктерекский сельский округ**

**Участковая избирательная комиссия № 378**

Центр: с. Коктерек, ул. Арына, 22, КГУ «Средняя школа имени М. Маметовой с дошкольным мини центром», ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72843) 22421.
Председатель комиссии – Мухамадиев Насихат Оразович.
Заместитель председателя комиссии- Дюсенбаев Дархан Берикбосынович.
Секретарь комиссии – Байбаракова Жансая Оралбаевна.
Члены комиссии- Бигожанова Шолпан Улановна, Касымханов Нурлыбек Кайырбекович.

## Сарқан ауданы бойынша сайлау учаскесінің шекарасы

**378 сайлау учаскесі**

Орталығы: Көктерек ауылы, М.Арын көшесі, 22, «Жетісу облысы білім басқармасының Сарқан ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «М. Мәметова атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ, тел. 8 (72843) 22421.
Шекарасы: Көктерек ауылы.

## Границы избирательных участков Сарканского района

**378 избирательный участок.**

Центр: с. Коктерек, ул. Арына, 22, КГУ «Средняя школа имени М. Маметовой с дошкольным мини центром», ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72843) 22421.
В границах: село Коктерек.

# БІЛІМ БЕРУ ТРЕНДІ: TopIQ - заманауи білім беру платформасы

XXI ғасыр жаңа технологияның шарықтап, дамыған ғасыры екені сөзсіз. Осы мыңжылдықта оқып отырған оқушы да Z ұрпақтар екені баршамызға мәлім. Ғылым мен технологияның күн санап қарыштап дамып жатқандығын ғаламтор беттерінен-ақ байқаймыз. Күнделікті жаңаша бір тренд шығып отырған мына заманда оқушыны таңқалдыру немесе қызықтыру кез келген мұғалімге оңай тиіп отырған жоқ. Оқушыны қызықтыру мақсатында ұстаздарымыз әртүрлі платформалар мен интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолданады. Сабақ мақсатына жетуге бағытталған әдіс-тәсілдер, тапсырмалар және оны бағалау уақыт пен шеберлікті қажет ететін күрделі процесс. Осы жүйені жеңілдету мақсатында «Алматыкітап» баспасы бізге қолжетімді платформа TopIQ-ді ұсынып отыр.

Елімізде білім беру ісін дамытудың 2025 жылғы бағдарламасының басым бағытының бірі – электронды оқыту жүйесін енгізу. Электронды білім беру ол кез келген адамның жас ерекшелігі, әлеуметтік және физикалық дамуына қарамастан жүргізілетін қолжетімді процесс. Қазіргі цифрландырылған заманда ұялы телефон немесе планшет арқылы осы платформаға тіркеле отырып, мұғалім мен оқушы онлайн байланысқа түсе алады.

TopIQ-платформасы ең алдымен қолжетімділігімен ерекшеленеді. Мектепалды даярлық тобы мен 1-11 сынып аралығындағы оқушыларға барлық пәндер бойынша электронды оқулықтар және интербелсенді тапсырмалар, сонымен қатар бағалау және кері байланыс бар. Мұғалім сыныптағы оқушыларға белгіленген тақырыпты ұсына отырып, оқушының тапсырманы орындау деңгейін де тексере алады. Әр оқушыдан келген кері байланыс арқылы оқу процесінде анықталған кемшіл тұстарын немесе әр оқушының ішкі ойы мен «үнін» оқып, көре алады. Офлайн сабақта мұғалім барлық оқушылардан бір сәтте кері байланыс алып үлгермей жатады, ал осы платформа арқылы бір сәтте сыныпты толық қамтуға болады. Платформаны ұйымдастырушылар тіпті ҰБТ-ге дайындық бөлімін де ашып қойған. Әр пән бойынша белгіленген оқулықтар оқушыларға тереңірек білім алуға көмектесері анық. Әр тапсырманы орындап болған соң оқушы оның дұрыс не бұрыстығын да тексеріп көре алады. Тапсырмалар оқушының жас ерекшелігіне және оқу мақсатына сай әзірленген. Тапсырманың формасы да әртүрлі болғандықтан кез келген сынып оқушысын қызықтырары анық.

TopIQ-платформасы біздің отандық өнім болғандықтан ұлттық құндылықтарды бойға сіңіру мақсатында көркем шығармалардан үзінділер де берілген. Оқушының бос уақытын тиімді өткізу мақсатында көркем шығармаларды оқыту арқылы олардың есте сақтау қабілеттерін арттырып, сөздік қорларын молайтуға болады. Платформада тіпті сынып жетекшіге де көмек ретінде әр түрлі мерекелік іс-шараларға қызықты ақпараттар бар.

TopIQ-жаңашылдықтың бастауы! Құрметті жерлестер, әріптес мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналар! Егер де сіз, қолжетімді, бейнелі, интербелсенді, қызықты, сапалы білім беру ресурсын іздесеңіз TopIQ платформасын ұялы телефоныңызға жүктеп алуға кеңес беремін. Жазғы демалыс уақытында жыл бойы өткен тақырыптарды қайталауға таптырмас мүмкіндік. Қолымызда оқулық жоқ деменіз! Енді оқулықтың барлығы сіздің ұялы телефонда! Келер оқу жылына сапалы дайындықпен келеміз десеңіз осы платформаны ұсынамын.

**Айгерім АУЕЛБЕКОВА,**
**Абай атындағы мектеп-гимназияның қазақ тілі пәні мұғалімі.**

## Балалар армандай алады, бірақ ұша алмайды

**Балалардың өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, сонымен қатар терезелерден құлау бойынша қайғылы жағдайларды азайту мақсатында Сарқан ауданы ТЖБ қызметкерлері келесі кеңестерді ұсынады:**

Балаларды жалғыз қалдырмауға, себебі көп жағдайда терезеден құлау жағдайлары балалардың ата-анасыз жалғыз қалуы кезінде болады;

Терезеге жиһаздарды жақын қоймау керек. Себебі балалар оларға мініп, терезеге шығып кетуі мүмкін.

Ешқашан масаға арналған торларға сенуге болмайды! Олар балаларды құлаудан сақтамайды! Керісінше масаға арналған торға балалар сүйеніп, оның салмағынан тор жыртылып соның салдарынан балалар құлап кетуі мүмкін. Көбінесе балалар сол торлармен бірге құлап жатады. Терезелерге арнайы бекітпелер қою керек, олар балаларға терезе ашуға мүмкіндік бермейді.

Егер терезеден балаға кейбір нәрселер көрсеткіңіз келсе, баланы мықтап ұстап тұруыңыз керек. Себебі олар тез қимылдауы мүмкін, қашан да қолдарыңыз құрғақ күйде болуы тиіс және балаларды киімнен ұстамаңыз.

Егер сіз дәл қазір тіркейтін немесе сақтандыру құрылғысын орнатуға мүмкіндік болмаса, терезенің тұтқасын алып тастау керек. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау – ересектердің басты міндеті.

**М.САРКУЛОВ,**
**Сарқан ауданы ТЖБ инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.**

# Жаз қызығы-жақсы демалыс

Жаз айын балалар ерекше ықыласпен күтеді. Өйткені оқу жылы аяқталысымен, жазғы демалыс басталады. Жаз айындағы бұл уақыт балалардың сабақтан босап, өздерінің қызығушылығымен айналысуға мүмкіндік береді. Сондықтан балалардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінде «Жайдарлы жаз-2024» жазғы демалыс лагері жұмыс жасайды. Мектеп алаңындағы лагерге балалар асыға келеді. Балалар демалыстарын қызықты өткізуде.Әр күндері босқа өтпейді.Қызықты іс-шаралар,сайыстар, эстафеталық жарыстар, психологиялық ойын-жаттығулар өтеді. Қуаныш пен шаттыққа толы ұмытылмас естеліктері балалардың осындай жазғы демалыс лагерінен бастау алары сөзсіз. «Баланы қоршаған ортасы тәрбиелейді» демекші, балалар көңілді демалып, ән айтып, іс-



шараларға белсене қатысып, әр оқушы өздерін жақсы қырларын көрсетуде. Лагерге келген балалармен әртүрлі ойындар ойнатылып, көптеген жарыстар, тақырып бойынша тапқырлық, сөзжұмбақ сайыстары ұйымдастырылып тұрды. Ұлттық болмыс пен халықтық ұғымдарды шәкірт бойына дарытуда отбасы мен ұстаздар қауымының тәлім - тәрбиелік шараларына қойылар талап жоғарылады. Мектеп білім берумен қатар, тағылымды тәлім - тәрбие түрлерін ұйымдастыратын өнеге ордасы. Тәрбие мазмұны ұйымдастырушының шеберлігімен ұштасқанда қандай шара болсын, шәкірттің ішкі жан - дүниесін жаңартып, рухани азық болып, соңында жарқын құбылыстарға жетекші бола бермекші. Мектебімізде жазғы лагерде балалардың саналы да сапалы демалуына жағдайлар жасалған. Лагерде балалар музыкалық, спорттық, шығармашылық және интеллектуалдық сайыстарға да белсене қатысты. Қайсысымен әңгімелессең де, жаз мезгілін жыл сайын асыға күтетінін, мектеп жанындағы лагерьге келу арқылы көп дос табатынын, түрлі іс-шараларға қатысып, көңіл көтеретінін айтып, мәзмейрам болысады. Көңілді жаз мезгілінде балалар демалысы осылайша көңілді әрі қызықты ұйымдастырылады.

**Қ.ЕРМЕКҚЫЗЫ,**
**«Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі» КММ педагог-психологы.**

# Свыше 1 трлн тенге выплачено медорганизациям с начала года



Фонд социального медицинского страхования начал выплаты за оказанные медицинские услуги по итогам февраля 2024 года.

По состоянию на 11 июня, 57 медицинским организациям выплачено 28,5 млрд тенге, с учетом вычета ранее полученного аванса.

При этом медицинские организации до этого времени не оставались без финансирования. В начале года им было направлено авансирование в размере 30%, как это и делалось ежегодно.

Выдано в общем авансов 56 медорганизациям на сумму 23 млрд тенге. Некоторые поставщики отказались от получения авансирования в связи с отсутствием необходимости. Выданные авансы будут удерживаться с фактических объемов ежемесячно.

В целом, с начала 2024 года объем финансирования по республике, включая амбулаторное лекарственное обеспечение составил 1 трлн 16,6 млрд тенге, в частности по области Жетісу составляет 87,8 млрд тенге.

Оплату за февраль планируется завершить до 14 июня 2024 года.

**Филиал по области Жетісу НАО «Фонд социального медицинского страхования».**

# Национальное агентство по усыновлению

**Национальное агентство по усыновлению – одно из направлений ОФ «АНА ҮЙІ». Цель агентства – профессиональная подготовка, сопровождение приемных семей и развитие культуры усыновления в Казахстанском обществе.**

В 20 городах Казахстана действуют кабинеты консультирования.

Специалисты фонда оказывают консультационную помощь гражданам (семьям), желающим принять в их семьи детей из детских домов и домов ребенка. Психологи ведут подготовку потенциальных усыновителей в Школах приемных родителей, где они получают ценные знания о возрастной психологии, о налаживании контакта с приемным ребенком и мягкой адаптации всей семьи к новым переменам.

Для всех, кто решился на столь ответственный шаг необходимо обязательно прохождение Школы приемных родителей (далее – ШПР).

Цель ШПР – подготовить родителей к приему ребенка из детского дома, дать всю необходимую информацию, обучить навыкам, помочь найти ответы на важные вопросы, понять собственные возможности и ограничения, осознать готовность стать приемными родителями.

В ходе прохождения ШПР кандидаты получают – понимание специфических особенностей и потребностей приемного ребенка; осознание своих способностей и возможностей как приемного родителя; понимание того, какого ребенка они могли бы принять в семью, и какая форма устройств подходит.

В сфере устройства детей очень важен комплексный подход. Не просто обучил кандидата, но и сопровождать его столько сколько потребуется. Поэтому, обязательным направлением в нашей работе является сопровождение приемной семьи. Из опыта работы мы знаем, что после того, как ребенок приходит в семью, начинается самый сложный этап - адаптация. В это время очень важно профессиональное сопровождение семьи психологом и специалистом по социальной работе.

Сопровождение имеет различные формы- это и посещение семьи, встречи со специалистами, психологическое консультирование и т.д. Сопровождение необходимо как мера профилактики вторичного возврата.

В семье у ребенка из детского дома начинается распаковка его травм. Как говорят наши психологи после окончания «медового месяца», это как правило через месяц, два, три практически во всех семьях начинается так называемая «притирка». И тогда приемным семьям нужна поддержка и помощь. Наши психологи стремятся помочь каждой семье.

На сегодняшний день при содействии Национального агентства по усыновлению было устроено 1 890 детей в казахстанские семьи. (цифра постоянно растет)

С мая 2022 года запущен пилотный проект. Пилотный проект – благотворительная инициатива ОФ «АНА ҮЙІ», направленная на мотивацию и поддержку граждан Республики Казахстан, планирующих принять на воспитание в семьи детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, с ограниченными возможностями и особенностями в развитии. Реализация проекта планируется в течение 3-х лет.

Какую помощь мы оказываем: Организовываем осмотр детей врачами-реабилитологами после принятия; Оплачиваем медицинскую реабилитацию и (или) педагогическую коррекцию детей; - Оплачиваем operaбельное лечение детей (в случае необходимости); Оказываем консультационную и информационную помощь приемной семье.

*Ұлттық қор - балаларға*

# Жас отандастарымыз нысаналы жинақтарын белсенді түрде пайдалануда

**«БЖЗҚ» АҚ-ға "Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасы аясында нысаналы жинақтарды пайдалануға өтініш беру жалғасын табуда.**

Естеріңізге сала кетейік, бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі - Ұлттық қор) инвестициялық кірісінің 50% Қазақстан Республикасының азаматы болып есептелетін барлық жастағы балаларға жыл сайын, олар кәмелетке толғанға дейін теңдей бөлінеді. Алғашқы нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтар БЖЗҚ-дағы шоттарға 2024 жылғы ақпанда түсті. 18 жасқа толғаннан кейін жастар нысаналы жинақтарын тұрғын үй және/немесе білім беру ақысын төлеу үшін пайдалана алады. Ол үшін нысаналы жинақтарды пайдалану бойынша уәкілетті оператор ретінде тіркелген банктерге өтініш берулері керек. Тұрғын үйге арналған нысаналы жинақтарды пайдалану жөніндегі уәкілетті оператор ретінде "Отбасы банкі" "Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ белгіленсе, білім алуға арналған нысаналы жинақтарды екі уәкілетті оператор - "Отбасы банкі" "Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ мен "Қазақстан Халық банкі" АҚ арқылы пайдалануға болады.

01.06.2024 жылға БЖЗҚ жалпы сомасы 952 911,64 АҚШ долларына 9 503 өтінішті орындады (өтініш берушілердің банктік шоттарына аудару үшін уәкілетті операторларға аударылды). Оның ішінде тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында 458 220,04 АҚШ долларына 4 572 өтініш, білім алу ақысын төлеу үшін 494 691,60 АҚШ долларына 4 931 өтініш орындалды.

**Тұрғын үй жағдайын жақсарту**

Қаражатты тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін пайдаланушы қалағандардың ішінде есепті кезеңде Шымкент қаласының (77 104,16 АҚШ долларына 768 өтініш орындалды), Қызылорда облысының (59 304,72 АҚШ долларына 590 өтініш орындалды) және Шығыс Қазақстан облысының (34 074,72 АҚШ долларына 339 өтініш орындалды).

Бұл ретте қаражатты пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаттары мыналар болды:

- одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылыс жинақ салымындағы ақшасын толықтыру (439 279,86 АҚШ долларына 4 382 өтініш орындалды – барлық орындалған өтініштердің 95,8%),

- азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу үшін (түпкілікті есеп айырысу) - 5 978,86 АҚШ долларына (1,3%) 60 өтініш,

- тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізу үшін - 4 622,36 АҚШ долларына (1%) 46 өтініш.

**Білім алу ақысын төлеу**

Қаражатты білім алу ақысын төлеу үшін пайдаланған ең белсенді қазақстандықтар тағы да Шымкент қаласының тұрғындары (78 817,30 АҚШ долларына 785 өтініш орындалды), екінші орында – Жамбыл облысының тұрғындары (51 712,20 АҚШ долларына 516 өтініш орындалды), үшінші орында – Жетісу облысының тұрғындары (829,82 АҚШ долларына 497 өтініш орындалды).

**Осы бағыттағы ең танымал қосалқы мақсаттардың ішінде мыналарды атап өтуге болады:**

– Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу үшін - 412 567,58 АҚШ долларына 4 113 өтініш орындалды (орындалған өтініштердің 83,4%).

- білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беру жинақтау салымын толықтыру үшін – 59 769,76 АҚШ долларына (12,07%) 595 өтініш орындалды,

- шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір рет (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу үшін – 15 319,42 АҚШ долларына (3,1%) 153 өтініш орындалды.

Нысаналы жинақтарды алушы өзіне тиесілі барлық соманы да, оның бір бөлігін де пайдалануға құқылы. Бұл ретте пайдаланылмаған соманың қалдығы нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қалады.

**Мәлімет үшін:** Бағдарламаға қатысушылардың жалпы саны 01.01.2024ж. - 6 919 131 бала (қоса алғанда 01.01.2006 ж. бастап 31.12.2023 ж. дейін туған балалар). Оның ішінде 304 815 қатысушы (01.01.2006 ж. бастап 31.12.2006 ж. дейін туған балалар) 2024 жылы 18 жасқа толады. Олардың барлығына 100 АҚШ доллары 52 цент мөлшерінде бірдей нысаналы талап сомасы есептелген.

Баланың нысаналы талаптарға қатысушылар тізіміне қосылғаны туралы ақпаратты ата-аналар немесе басқа да заңды өкілдер kids.enpf.kz сайты арқылы баланың ЖСН нөмірі бойынша тексере алады. Мұнда сонымен бірге Бағдарлама шарттарымен танысып, қажетті нұсқаулық алып, қызықтырған сауалдарға жауап алуға болады.

Сондай-ақ, әр балаға есептелген қаражат туралы деректерді ата-аналар egov.kz порталындағы Жеке кабинетіне кіріп, тексере алады.

2024 жылы 18 жасқа толатын отандастарымыз нысаналы жинақтау шотына түскен қаржысын БЖЗҚ-ның интернет ресурсындағы Жеке кабинеті және (немесе) «Электрондық үкімет» вебпорталы арқылы өз беттерінше тексере алады.

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу мақсатына берілетін нысаналы талаптардың төлемдері туралы уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі егжей-тегжейлі ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.

**Ауыл – қазақтың алтын бесігі. Ендеше, ондағы халықтың денсаулығы басты назарда болуы керек. Бүгінде медициналық мекемелерді көптеп салуға, уақытында тексеруден өткізуге, созылмалы сырқаттарға тегін дәрі-дәрмек таратуға, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры арқылы науқастарға аппараттармен тексеру жүргізуге баса көңіл бөлінуде. Осы орайда шалғайдағы Сарқан ауданының бас дәрігері Алтай Шұлғаубаевпен сұхбаттасқан едік.**



# АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

***– Сарқан ауданындағы халықтың денсаулығы, оларға жасалып жатқан жағдай жайында айтсаңыз?***

– Облыс орталығынан 150 шақырым қашықтықта орналасқан Сарқан ауданында 35 елдімекен бар. Аудан орталығынан ең шалғайда орналасқан ауыл Мұқан Төлебаев елді мекені. Сарқан қаласы мен аталмыш елді мекенге дейінгі қашықтық 260 шақырым. Ауданда медициналық мекемелерге 35 мыңнан астам халық тіркелген. Атап айтқанда, аудандық орталық аурухана, 1 ауылдық аурухана, 7 дәрігерлік амбулатория, 5 фельдшерлік-акушерлік, 13 медициналық пункт халыққа медициналық қызмет көрсетеді. Сондай-ақ, ауруханада неврологиялық, хирургиялық, травматологиялық, гинекологиялық, медициналық оңалту, терапия, триаж жүйесі бар қабылдау бөлмелері бар. Балаларға арналған медициналық көмек стационарлық деңгейде ұйымдастырылған. Емханада консультативтік-диагностикалық және зертханалық көмектің сапалы жүргізілуіне ерекше мән беріледі. Аудандағы дәрігерлер саны – 59, орта буын қызметкері 317. Бүгінгі таңда ауруханада жаңа технологиялар қолданылуда. Атап айтсақ, лапароскопиялық қондырғы, компьютерлік томография, инсульт, инфарктан кейінгі оңалтуға арналған қондырғылар жаңартылды. Жыл сайын аурухананың медициналық қондырғы қорын жаңартып, толықтыруды назарда ұстаймыз.

***– Жер көлемі үлкен аудан тұрғындарына медициналық көмек көрсету қандай деңгейде?***

– Оларға шалғайда орналасқан ауылдарға арналған медициналық кешен-автобусы қызмет көрсетеді. Денсаулық сақтау саласының мамандары жылжымалы кешен арқылы алыстағы малды ауылдарға да барып, тексеру жұмыстарын жүргізеді. Кешенде терапевт, педиатр, оториноларинголог, офтальмолог, акушер-гинеколог, рентгенолог мамандары бар. Заманауи ультрадыбыстық зерттеу аппараты, флюорограф, рентгенограф, гинекологиялық кресло, лабораториялық аппараттармен жабдықталған. Жыл сайын халық арасында қант диабеті, визуалды қатерлі ісік, жүрек-қантамыры аурулары уақытында анықталады. Аталған кешен ауданның барлық ауылдарын қамтиды. Жылжымалы медициналық кешен арқылы көптеген сырқатты алғашқы сатыда анықтауға мүмкіндік туады.

***– Алтай Кәміұлы, соңғы жылдары жұқпалы сырқаттар қатары көбейді. Коронавирус, қызылша, көкжөтел жұқпалары халықты алаңдатуда. Осы кеселдердің алдын алуға, сырқаттанғандарды емдеуге қандай шаралар жасалуда?***

– Соңғы кезде жұқпалы кеселдердің артып кеткені тұрғындарды ғана емес, медицина мамандарын да алаңдатады. Қызылша және көкжөтел жұқпалары 2022 жылы мүлде тіркелмеді. Былтыр 22 қызылшаға шалдығу жағдайы тіркелді. Биыл жыл басынан бері қызылша сырқатына 67 адам, көкжөтел жұқпасына 5 адам шалдықты. Аталған жұқпалардың алдын алудың бірден-бір жолы – екпе екені белгілі. Екпені уақытында алып тұрса жұқпалы сырқаттарға шалдығушылық төмендейді. Халық арасында екпеден бас тартқан азаматтармен мамандар сөйлесіп, түсіндіру жұмыстары өткізіледі. Емдеу шаралары клиникалық хаттамаларға сай жүреді. Кезінде елде оба, сүзек аурулары тарағанда қаншама халық қырылып қалып еді. Содан екпе жасалғанның нәтижесінде жұқпалы аурудың беті қайтқан. Әйтпесе, қазақтың қырылып кету қаупі туған еді. Сол жағдай бізге сабақ болуға тиіс. Коронавирустан да әлемді екпе құтқарды емес пе?! Бүгінде шетелдермен қарым-қатынас жақсарған. Сырттан жұқпа келуі әбден мүмкін. Сондықтан денсаулығыңыздың кепілі вакцина екенін ұмытпаған жөн.

***– Аудан медицинасында қандай жаңалық, жетістік бар?***

– Соңғы жылдары ауданда денсаулық сақтау саласы жаңалықтарымен ерекшеленді. Ауданда дәрігерлер жеткіліксіздігін азайту мақсатында емхана ғимараты күрделі жөндеуден өтіп, жатақхана жаңартылды. Сондай-ақ, жас мамандарды баспанамен қамтамасыз еттік. Балаларын балабақшаларға орналастыруға көмек көрсетілді. Биыл ауданда гемодиализ орталығы ашылды. Мұндай орталық негізінде облыс орталықтарында ғана болады. Бұл орталыққа бүйрек жеткіліксіздігіне шалдыққан азаматтар аптасына 3 рет келіп, ем алады. Бұрын тіркеудегі сырқаттар облыс орталығына барып ем қабылдауға мәжбүр болған. Бұл жағдай сырқат адамның денсаулығына қатерлі еді. Өйткені ұзақ жолға шыдаудың өзі неғайбыл. Орталыққа барып-қайтудың ауыртпалығын әркім біледі. Күнделікті жол жүруді қалта да көтере бермейтіні рас. Ауданда гемодиализ орталығының ашылғандығы көршілес аудандарға да тиімді. Олар да емді Сарқандағы аудандық аурухананың арнайы жабдықталған бөлмесінен ала алады. Ауруханамызда профессор дәрежесі бар дәрігерлер жұмыс істеп, күрделі оталар жасап, тұрғындардың амандығы үшін еңбек етуде.

***– Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың тиімділігі мен көлеңкелі жағына тоқталсаңыз.***

– Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры арқылы Қазақстан аумағында өзіңіз таңдаған кез келген емханадан медициналық көмек ала аласыз. Бұл жағдайда емхананың шығындарын толығымен қор өтейді. Екіншіден, тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі және Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеттері шеңберінде қарастырылған медициналық көмек жұмсалатын қосымша төлемдердің барлық түрінен босатыласыз. Үшіншіден, медициналық ұйымдарда көрсетілген қызметтерге көңілі толмаған тұрғындардың емханасын ауыстыруға қақысы бар. Ондайда сапасыз қызмет көрсеткен немесе Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне жауапсыз қараған азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қор қорғайды. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі арқылы медицина саласына бөлінетін қаржының көбеюі көзделінуде. Қаржы көбейсе, денсаулық саласындағы бірталай мәселе шешіліп, қызмет көрсетудің сапасы артады деген үміт бар. Айталық, қазіргі таңда мемлекеттік медициналық мекемелерде кезек мәселесі, дәрігерлердің жетіспеушілігі, мамандардың кәсіби деңгейінің төмендігі мен олардың науқастарға деген дөрекі қарым-қатынасы жиі сынға ұшырап жатады. Медициналық сақтандыру жүйесі осындай проблемаларды шешуге атсалыспақ. Жүйенің тағы бір артықшылығы, сырқаттарды емдеу халықаралық стандартқа сай жүргізілмек. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың көлеңкелі жақтары да бар. Тұрақты жұмысы жоқ қарапайым адамдар медициналық көмектің толық пакетіне қол жеткізе алмайды. Мұндай жағдайда МӘМС медициналық қызметтің баршаға қолжетімді болмауына кері әсерін тигізуде. Сақтандырылмаған азаматтар жекеменшік ауруханада ем алуға мәжбүр. Бұл жағынан сақтандырудың кемшіліктері де бар екендігі баршаға аян.

***– Алтай Кәміұлы, халықты скринингтен өткізу қандай нәтиже беруде?***

– Скринингтен өткізу жыл сайын жүргізіліп жатыр. Әрине, скринингтен өткізудің аурулардың алдын алуда алатын орны ерекше. Уақытында ең қауіпті саналатын қатерлі ісіктерді ерте анықтауға мүмкіндік беріледі. Алдыңғы сатыда анықталған сырқатты емдеудің нәтижесі де жақсы болмақ. Ауданда жыл сайын қант диабетін, жүрек-қантамыр жүйесінің аурулары, глаукома, жатыр мойны қатерлі ісігі, сүт безінің қатерлі ісігін, тікішек қатерлі ісігін анықтауға скрининг жүргізеді. Сонымен қатар, 2023 жылдан бастап ас қорыту жүйесін, бүйрек аурулары және тыныс алу жүйесінің кеселдерін анықтау бойынша скрининг жүргізу басталды. Жылына осы скринингтерден 1500-ге жуық науқас анықталады.

***– Ауданда заманауи аппараттар жеткілікті ме? «Жедел жәрдем» көлігі ше? Маман алу жағы қалай шешілуде?***

– Емдеуге арналған аппараттарды жыл сайын жаңартып, толықтырып отыруға тырысамын. Оған облыстық бюджеттен қаржы бөлінеді. Керек-жарақтар аурухана бюджетінен сатып алынады. Былтыр, яғни 2023 жылы ультрадыбыстық зерттеу аппараты, гематологиялық анализатор, холтер аппараты, 2 электрокардиограф алдық. Жыл сайын облыс бюджетінен ауданға 1-2 «Жедел жәрдем» көлігі беріліп отырады, сәйкесінше ауылдағы «Жедел жәрдем» көліктері жаңартылуда. Дегенмен, маман жетіспеушілігі әлі де орын алуда. Арнайы мамандықтар бойынша мамандар керек. Бұл мәселені шешу үшін жыл сайын оқу орындары ұйымдастыратын мамандықтар жәрмеңкесіне қатысамын. Enbek.kz сайты арқылы да хабарлама беріледі.

***– Аудандағы ауылдық округтерде емхана жеткілікті ме? Бұл мәселе қалай шешімін табуда?***

– Аудандағы ауылдың барлығы медициналық мекемемен қамтылған. Жергілікті бюджет қаржысы есебінен 2023 жылы ғимараты жоқ 3 ауылда блокты-модульді кешен орнатылды. Биыл 2 кешен салу жоспарда бар. Мемлекет басшысының бастамасымен «Ауылдық денсаулық сақтау саласын дамыту» бағдарламасы бойынша үш ауылда жаңадан фельдшерлік-акушерлік пункт салынады. Ауылдық жерлердегі басты мәселе – дәрігерлердің жетіспеушілігі. Шалғай ауылдарға мамандар барғысы келмейді. Сондықтан орталық дәрігерлерінің жүктемесі жоғары. Қосымша қызметтер атқаруына тура келеді. Әлеуметтік жағдай, жол, интернет жақсаруына байланысты бұл мәселелер де болашақта шешімін табады деген ойдамыз.

**Сұхбаттасқан**
**Гүлжан ТҰРСЫН.**

Мемлекеттік рәміздер

# Ұлттың айшықты таңбасы

Отан – жерім, Отан-суым,
Отан қуат, нәр береді.
Отан - ұран, Отан - туым

Отан мәңгі гүлденеді-демекші, тәуелсіздігіміз тұғырлы болып, еліміздің символы – мемлекеттік рәміздерді қастерлеп, құрметтеу бәріміздің міндетті парызымыз болып саналады. Мемлекттік рәміздер – еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін паш ететін нышандар. Бұл рәміздер біздің мемлекетіміздің өткені, бүгіні мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі. Мемлекеттік рәміздер- халқымыздың рухын, ұлттық салт- санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, армантілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер.

Осы құнды белгілерді дәріптеу мақсатында Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейі 4 – маусым Қазақстан Республикасының рәміздер күніне орай «Мемлекеттік рәміздер – ұлттың айшықты таңбасы» атты танымдық шара өткізді. Шара барысында мектеп оқушыларына қазақ елінің мақтаныштары рәміздеріміздің тарихы айтылып насихатталды. Солардың бірі қазақ халқының Гимні. Тәуелсіз Республикамыздың гимні 2006 жылдың 7 қаңтарынан бастап өзгерістер енгізілгеннен кейін мемлекеттік мәртебеге ие болу дәрежесіне жетті. Бұл туынды кезінде атақты болған сонау 1956 жылғы Жұмекен Нажімеденовтің сөзіне жазылған Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әні еді. 2005 жылы әннің мәтініне өзгерістерді Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев енгізгендіктен мәтіннің соавторы ретінде көрсетіледі.



Міне, осы мемлекеттік гимнінің көгімізде шарықтап, еліміздің мәртебесін асырып жүргеніне де біраз жылдың жүзі болыпты. Деген- мен келер ұрпақтың аталған туындының мемлекетіміздің екінші гимні екенін біреуі білсе, біреуі біле бермейді. Кейіннен тәуелсіздік алған кезеңде қазақтардың бірнеше ұрпақтарының көпғасырлық арманы — азаттық пен зайырлылықты бейнелейтін жаңа әнұранын әзірлеу қажеттігі туындады. Осыған орай 1992 жылы мемлекеттік гимнінің мәтіні мен әніне конкурс жарияланған еді. Комиссия іріктеуіне барлығы 750 жоба келіп түскенімен, байқауда төрт белгілі ақындар: Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев және Жадыра Дәрібаевалардың сөзіне жазылған Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский және Латиф Хамидидің әні жеңіске жетті. Осылайша еліміздің тұңғыш гимні 1992 жылдың 4 маусымында бекітіліп, тәуелсіз мемлекетіміздің тарихынан өзіндік орнын алған еді. Осы қазақ халқының ең алғашқы әнұранын оқушылар назарына ұсынылды. Оқушыларға бейнежазба арқылы Ту мен Елтаңба туралы бейнеүзінді көрсетілді. Көрген бейнеүзіндіден оқушыларға сұрақ қойып жауап алып, оқушылар өздерінің мақтанышы Қазақстан Республикасының рәміздері туралы білімдерін тереңдете түсті. Шара соңында оқушылар патриоттық рухтағы «Атамекен» әнін шырқады.

Алдағы уақытта тәуелсіз еліміздің шаңырағынан күн сәулесі тарап, кең даласы нанға толып, көлдері көкке күмістер шашып, тілінің мәртебесі биік болсын! Сонымен қорыта келгенде, өзіміздің жерімізді, рәміздерімізді, Отанымызды құрметтеуге және патриоттық сезімімізді нығайта түсуге тырысайық!

**Ә. ЖҰМАБЕК,**
**Мұқан Төлебаев мемориалды музейінің экскурсия жүргізушісі.**



# Бақытты балалық шақ

Жаз мезгілі – жарқын эмоциялар мен көңілді демалыс кезеңі. Әсіресе, ойын-сауық сүйгіш балалар үшін жазғы демалыстың орны бөлек. Мектептің сабақтарынан босатылып, ең ұзақ демалысқа асыға жеткен оқушылар үшін жазғы демалыс ең көңілді уақыт. Осы демалыс уақытын балалардың денсаулығына да, шығармашылығына да барынша тиімді болатындай пайдалы етіп өткізу әрбір ата-ана мен білім беру ұйымдарының басты мақсаты.

Жазғы демалысты көңілді әрі тиімді өткізудің ең таптырмас жолы – жазғы алаң ұйымдастырудың негіздерінің бірі болып табылады.

Сарқан қаласы №1 мектеп-гимназиясында ашылған «Күншуақ» жазғы демалыс алаңының 1 маусымы 03.06 -14.06 аралығында жұмыс жасады. Жазғы демалыс орнында 30 балдырған уақыттарын көңілді өткізді. Олардың ішінде көп балалы және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы балалары қамтылды.

Күн тәртібі аптаның дүйсенбі және жұма күндері таңғы сағат 09:00 мен түскі сағат 12:00 аралығын құраған жазғы алаңның басты мақсаты – жаз мезгілінде оқушылардың демалысы мен денсаулықтарын жақсартуды ұйымдастыру болды. Оқу ағарту министрлігінің биылғы жылғы балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру әдістемелік ұсынымдарына сәйкес күн тәртібі мен іс-шараларды жоспарлауда ұлттық құндылықтарға басымдылық берілді. Атап айтсақ жазғы алаңның әр күнінде ұлттық дәстүрлерге, ұлттық қолөнерге, ұлттық ойындарға, ұлттық аспаптарға, ұлттық киім, ұлттық тағамдарға байланысты тәжірибелік алаң, квест ойындар, дебат, викториналар, бейнекөрсетілімдер ұйымдастырылды. Жазғы алаңның ашылу мен жабылуына арналған іс-шарада балалар әннен, биден шашу шашты. Он күн бойы белсенділік танытқан балалар марапатталды.

Балалардың жазғы алаңға келу уақытын тиімді әрі пайдалы өтуіне мектеп директоры Г. Сансызбаеваға, мектеп әкімшілігіне және тәрбиешілер Ж.Баткалова, Л.Антоненко, Э.Тойчибекова, А.Какимжановаға алғысымызды білдіреміз.

**А. БАЛАКБАЕВА,**
**лагерь жетекшісі,**
**бастауыш сынып мұғалімі.**



# Жабайы жануарлар табиғатымыздың көркі

**Өзімізді қоршап тұрған табиғаттың сұлулығын әрлендіре түсетін көріністің бірі жабайы жан-жануарлар болып келеді. Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту қызметі мемлекеттік ұлттық табиғи парктерге жүктелген.**

Жануарлар дүниесі аса бай деп айтқанымызбен қазіргі таңда олардың көпшілігінің түрлері азайып бара жатқаны рас. Өзіміз қызмет атқарып отырған «Жоңғар-Алатауы МҰТП» республикалық мемлекеттік мекемесі бұл мәселенің шешімін қарап қазіргі таңда жабайы жануарларды қасақылықтан қорғау мақсатында әртүрлі іс-шаралар, яғни фототұзақтар орнатып рейдтік іс-шараларды жиі-жиі ұйымдастыруда.

ҚР жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту туралы ҚР 2004 жылғы 9-шілдедегі №593 заңына сәйкес жануарлардың санын реттеп отыруды, оларды қорғауды, өсімін молайту жағдайлары жақсарып келеді десек те болады. Жыл сайын биотехниялық іс-шаралар ұйымдастырылып, жабайы жануарларға екі уақыт, көктемде және күз мезгілінде қосымша минералды қорекпен қоректендіру мақсатында арнайы тұз жалақтарға тұз салынады. Алайда жануарларды сақтап қалудың ең басты жолы адам баласының санаsы жауапкершілігі, экологиялық білімі және мәдениеті. Әрбір азамат өзінің туған өлкесі мен оның байлығының иесі ретінде сезініп, табиғатты қорғау ережелерін қатаң сақтаса, болашақ ұрпақ алдындағы борышын ақтаған болар еді.

**М. БАЙТУҒАНОВ,**
**«Жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту» бөлімінің аңшылықтанушы маманы.**

# Бақалы ауылының тарихы

Бақалы ауылдық Советінің бастапқы құжаттары архивке сақталуға түспегеніне байланысты құрылған күнін белгілеу мүмкіндігі болмады. Сондай-ақ, Сарқан филиалында 1939 жылдан бастап құжаттар сақталуда.

Кейбір деректерге жүгінсек Бақалы ауылдық Советі 1930 жылы құрылған деген мәлімет бар. Алма-Аты облысының құрамына 1932 жылғы 20 ақпанда Ақсу ауданы, 24 ауылдық кеңестерінің ішінде Бақалы ауылдық Советі де болған. Ақсу ауданының құрамына: Бақалы ауылдық Советінің орталығы Аққұдық, осы ауылдық Советінің құрамына Киров ауылы, Көк-Өзек ауылы және Көк-Иірім елді мекендері қараған.

1934 жылы Ақжар және Бақалы ауылдық Советтері біріктіріліп орталығы Көк-Иірім болды.

1939 жылға дейін Еңбекшілер, шаруашылық және қызыләскер депутаттарының Бақалы ауылдық Советінің атқару комитеті деп аталған. 1939 жылдан кейін атауы Еңбекшілер депутаттарының Бақалы ауылдық Советінің атқару комитеті болып ауысты.

1960 жылға дейін Еңбекшілер депутаттарының Бақалы ауылдық Советі Ақсу ауданының аумағына кірген. Қаз. ССР Жоғарғы Советі Төралқасының Жарлығымен 10 ақпан 1960 жылы және де Алматы облыстық атқару комитетінің 27 ақпан 1960 жылы №100 шешімімен Бақалы ауылдық Советі Ақсу ауданының құрамынан Сарқан ауданына өтті.

ҚазССР Жоғарғы Советі Төралқасының Жарлығымен 2 қаңтарда 1963 жылы Сарқан ауданы ұлғайтылып, аудан құрамына Бақалы ауылдық Советі кірді, орталығы – Көк-Өзек болды.

7 қазан 1977 жылдан бастап Бақалы ауылдық Кеңесі халықтар депутаттарының және оның атқару комитеті деп аталды. Ауылдық Кеңесінің аумағында: «Бақалы» қызылша егістік және қой шаруашылық совхозы, орта мектебі, аурухана, кітапхана, мәдениет үйі, балабақша, дүкендер және т.б. болған. Бақалы ауылының аумағында Ағарту бөлімшесі орналасқан және де Бақалы ауылдық Кеңесіне бағынды.

Бақалы ауылдық Кеңесі халық депутаттарының және оның атқару комитеті ауылдағы мемлекеттік билік органы болып табылады. Ауылдық Кеңесінің аумағында шаруашылық және мәдени құрылыс басшылығын жүзеге асырды. Мемлекеттік тәртіпті, заңдылықты сақтауды және азаматтардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етті.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 5 шілде 1991 жылғы Жарлығымен Ағарту ауылы Кәкімжан ауылы болып өзгертілді.

1993 жылдан бастап Бақалы ауылдық Кеңесі халық депутаттарының және оның атқару комитетінен Сарқан ауданының Бақалы ауылдық округінің аппараты болып ауысты.

Бақалы – Сарқан ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілігінің округ орталығы. Сарқан қаласынан солтүстікке қарай 45 шақырым жерде, Лепсі өзенінің салаларының бірі – Көкиірім өзенінің жағасында орналасқан. Қазіргі таңда Бақалы округінде бірнеше шаруа қожалықтар жұмыс істеп тұр. Орта мектеп және балабақша, мәдениет үйі, фельдшер-акушерлік пункті бар. Бақалы округіне қарасты елді мекендерде елге танымал тұлғалар Бұғыбай батыр, сазгер Ә. Исаханов, профессор М. Арынов және мемлекет қайраткері, жазушы Қ. Қазыбаев туып-өскен.

**Н.БОКУШБАЕВА,**
**«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ Сарқан филиалының архивисті.**

# Мемлекеттік рәміздер - елімнің мақтанышы

4 маусым – қазақ елі үшін ерекше күн. Өйткені, бұл күн – Мемлекеттік рәміздер күні. Біздің мемлекеттік рәміздер – ту, елтаңба, әнұран. Туда көк аспан, алтын күн және ою бейнеленген. Көк аспан аспанымыздың ашық болуын білдіреді. Алтын күнді көк аспанымызда жарқырап күн болсын деген ниетпен бейнелейді. Ал елтаңбада пырақ, шаңырақ, уық бейнеленген. «Пырақ» әрдайым еліміз биікке самғап, жетістікке жетуді бейнелейді. «Шаңырақ» еліміз бір шаңырақтай берекелі әрі тату болуын бейнелейді. Ал «уық» еліміздің шаңырағын әрдайым ұстап сақтап тұрады. Ал әнұранымыз – еліміздің мақтанышы. Сондай-ақ рәміздер – халқымыздың мұқалмас рухын, қаһармандығы мен даналығын, асқақ арман-тілегін жеткізетін құнды белгілер және Қазақстан Республикасының дербестігі мен тәуелсіздігін бүкіл әлемге танытушы әрі мемлекетіміздің өткені мен бүгіні және болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын көрінісі.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» заң 2007 жылғы 4 маусымда қабылданды.

Сарқан ауданының тарихы музейінде жыл сайын рәміздер күніне байланысты шаралар ұйымдастырылып келеді. Маусым айының 6-шы жұлдызында мектеп оқушыларына музейде Қазақстан Республикасының рәміздер күніне орай «Мемлекеттік рәміздер-елімнің мақтанышы» тақырыбында



дәріс өткізілді. Дәріс барысында, сынып оқушыларына тәуелсіз еліміздің мемлекеттік мәртебесін айқындайтын басты құндылықтарымыз мемлекеттік рәміздер екенін айтып, шығу тарихын, олардың жалпы сипаттамасын, авторлары Шәкен Ниязбеков, Шота Уалиханов, Жұмекен Нәжімеденов, Шәмші Қалдаяқовтардың еңбектерін атап өтті.

Еліміздің басты құндылықтарын құрметтеу әрбір азаматтың басты парызы. Рәміздеріміз мақтанышымыз, елдігіміздің ұраны, патриоттығымыздың бастауы, Отанымыздың символы деп тануымыз қажет.

**С. ЕРЖАНОВ,**
**Сарқан ауданының тарихы музейінің қор сақтаушысы.**

# "ҚОРҒАС-КОММЕРЦ" ЖШС ІС-ӘРЕКЕТТЕРІНДЕ БҰЗУШЫЛЫҚТАР АНЫҚТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті «Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығы «АЭА Басқарушы компаниясы» АҚ-ның еншілес компаниясы «Қорғас-Коммерц» ЖШС іс-әрекеттерінде Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзу белгілерін анықтады

Тексеру нәтижелері бойынша «Қорғас-Коммерц» ЖШС конкурстық іріктеу өткізбей, «Қорғас» ХШЫО Қытай бөлігінен келген «Қорғас» ХШЫО аумағында жолаушыларды тасымалдау бойынша «Silk Road Starliht Tour» ЖШС-мен Консорциум туралы шарт жасасқаны анықталды.




Бұл конкурстық іріктеу арқылы әлеуетті инвесторларды/серіктестерді айқындау тәртібі туралы Ережеде белгіленген тәртіпті бұзады. Коммерциялық жобаларды жүзеге асыру үшін мердігерлерді ашық таңдауды талап ететін Ереже.

Жасалған келісім бәсекелестікті шектеді және бір тарап үшін басым жағдайлар жасады, ал басқа әлеуетті қатысушылар тендерге қатысу мүмкіндігінен айырылды, бұл ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 194-бабына қайшы келеді.

Анықталған бұзушылықтарға жауап ретінде Департамент заңнаманы бұзуды тоқтату қажеттігі туралы хабарлама шығарды.

Алынған хабарламаға сәйкес «Қорғас-Коммерц» ЖШС консорциум туралы даулы Шартты бұза отырып, бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдады және сол арқылы Департаменттің хабарламаларын толығымен орындады.

# ВЫЯВЛЕНЫ НАРУШЕНИЯ В ДЕЙСТВИЯХ ТОО «ҚОРҒАС-КОММЕРЦ»

Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу выявил в действиях дочерней компании АО «Управляющая компания СЭЗ «Международный центр приграничного сотрудничества «Хоргос» ТОО «Қорғас-Коммерц» признаки нарушения законодательства Республики Казахстан в области защиты конкуренции.

По результатам проверки было установлено, что ТОО «Қорғас-Коммерц» заключило договор о консорциуме с ТОО «Silk Road Starlight Tour» для перевозки пассажиров на территории МЦПС «Хоргос», прибывших из Китайской части, без проведения конкурсного отбора. Это нарушает установленное Положением о порядке определения потенциальных инвесторов/партнеров через конкурсный отбор. Правило, требующее прозрачного выбора подрядчиков для реализации коммерческих проектов.

Заключённое соглашение ограничило конкуренцию и создало преимущественные условия для одной стороны, в то время как другие потенциальные участники были лишены возможности участвовать в тендере, что противоречит статье 194 Предпринимательского кодекса РК.

В ответ на обнаруженные нарушения, Департамент вынес уведомление о необходимости прекратить нарушения законодательства. В соответствии с полученным уведомлением, ТОО «Қорғас-Коммерц» приняло меры по устранению нарушений, расторгнув спорный договор о консорциуме, и тем самым полностью выполнило уведомления Департамента.

***●Денсаулық***

**Жақсы өнім өсіру оңай емес және өндірушілер көбінесе химиялық тыңайтқыштарды шығымдылықты арттыру үшін және өсірілетін өсімдіктерді азықтандыру үшін пайдаланады, олардың өсіп-өнуін және өсімдіктерге калий тұздарын жеткізетін ауыл шаруашылығында құнарлылығын ынталандырады.**

# Абайлаңыз, нитраттар!



Азот қышқылы - нитратты, калиймен, кальциймен немесе аммониймен үйлесімде арзан әрі тиімді құралдар болып табылады. Алайда нитраттарды топыраққа үлкен көлемде үнемі қолданған жағдайда, олар өсімдіктердің жекелеген бөліктерінде жинақталу ерекшелігіне ие болады. Айта кету керек, селитра құрамының артуы азотты тыңайтқыштардың шамадан тыс пайдаланылуына байланысты бола бермейді. Кейде тіпті «химиялық заттармен» ұрықтанбаған бақтарда да селитрада түсім әлі де жоғары, бұл топыраққа жаңа көңнің көп мөлшерін енгізгенде жиі болады. Олар адам үшін қауіпті ме және олардың көкөністер мен жемістерде болуын қалай анықтауға болады?

Өсімдіктерде селитралардың болуы қалыпты құбылыс болып табылады, өйткені кез келген өсімдіктер үнемі топырақтан селитраларды шығарып, оларды органикалық азот бар қосылыстарға айналдырады. Сондықтан оларда әрқашан селитра болады, бірақ олардың шамадан тыс көбеюі өте жағымсыз, өйткені олар адамға өте улытты. Көкөністер мен жемістерден алынған нитраттар ылғалдылық пен жылу жағдайында немесе адам ішегінде ас қорыту процесінде ірі ішектің микрофлорасының әсерінен нитриттік қосылыстарға айналады. Бұл заттар көп мөлшерде адам денсаулығына қауіпті. Дені сау адамның организмінде селитралардың нитриттерге айналуы әлсіреген денемен салыстырғанда едәуір баяулайды. Санитариялық нормалардан жоғары селитраларды тұтыну проблемалары бүйрек аурулары бар, асқазан-ішек жолдарының функциялары бұзылған адамдарда, сондай-ақ денесінде артық селитрадан қорғау жүйесі әлі толық қалыптаспаған бір жасқа дейінгі балаларда туындауы мүмкін. Өсімдіктерде селитра негізінен тамырда, тамыр дақылдарында, сабақтарында, петиолездерінде және жапырақтарының ірі көктамырларында жиналады, олардың жемістерінде әлдеқайда аз.

Сондай-ақ жасыл жемістерде піскен жемістерге қарағанда селитра көп, ерте көкөністерде кейінгілерге қарағанда, жемістер мен дәндер әдетте селитраға қатысты күдікті болмайды. Селитралардың көкөністер мен терінің шеткі бөліктерінде жиналатынын есте сақтаңыз. Сол себептен мүмкіндігінше оларды кесуге тырысыңыз. Жемістің сыртқы түріне және бүтіндігіне құрылымына назар аударыңыз және қатты көктамырлар (мысалы, ерте қызанақта) мен кедір-бұдыр жапырақтар (мысалы, салат) проблеманың бар екендігін көрсетуі мүмкін. «Қалыпты» көкөністер мен жемістер селитра мен басқа да минералды тыңайтқыштардың көмегінсіз әсерлі өлшемге дейін өсе алмайтынын есте сақтаңыздар.

Селитраларды тұтынудан болатын зиянды бейтараптандырудың негізгі тәсілі көкөністерді тазалау, жуу және кейіннен кептіру, жапырақты жасыл көкөністерді суға батыру, дұрыс сақтау, сондай-ақ ең бастысы, базардан көкөністер мен жемістерді сатып алу кезінде сатушыдан селитралардың бар-жоғына санитариялық сараптамасын сұраңыз, онда нормалар мен олардың нақты құрамы көрсетілуі тиіс. Жаңа піскен көкөністер витаминдер мен микроэлементтерге бай, оларды жеуге болады және жеу керек, оның үстіне, қаласаңыз көп тамақтаныңыз, бірақ әрине ақылға қонымды сақтық таныту керек. Және ең бастысы, иммунитетті күшейту керек. Сонда бірде-бір селитра қорқынышты болмайды.

**Даурен КАЛЫГУЛОВ,**
**Сарқан ауданы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.**



# Адал еңбек бағаланды

Жуырда аудандық іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы Кенже Тазабекова мен әнші, Сарқан ауданының Құрметті азаматы Гүлжан Қисабекова Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың "Адал адам - Адал еңбек-адал табыс" атты бағдарламалық мақаласын қоғамға кеңінен насихаттау мақсатында Тәуелсіздік жылдары өз мамандығының һас шебері атанып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып жүрген азаматтардың арасында өткізілген "Әділетті Қазақстанның адал азаматы" атты республикалық байқауына қатысып, жеңімпаз атанды.

***Біз жерлестерімізді мерейлі марапатымен құттықтаймыз!***

**"Сарқан" газетінің ұжымы.**


## *Хабарландыру/Объявление*

**Жоғары сападағы пескоблоктар, бағасы 210 теңге.**
**Пескоблоки отличного качества, цена за ед. 210 т.**
**Обращаться тел. 8778 2662929.**



Выезд в регионы

**РЕМОНТ**

**Холодильников, Морозильников.**

С выездом на дом

ОБРАЩАТЬСЯ СОТ. 87714608727.


►Жетісу облысының нотариаттық округінің жекеше нотариусы **Турусбекова Абзалхан Имангельдиновна** 15.01.2024 жылы қайтыс болған азамат **Жилкибаев Сабыржан Турсунулының** мүлкіне мұрагерлік істің тіркелгенін хабарлайды. Мұра қалдырушының қайтыс болған күнінен бастап санағанда 6 ай мерзім ішінде мұрагерлер нотариусқа өтініштерін тапсырулары қажет.

►**Енсебаев Дарын Асылмуратовичтің** атына ҚР ІІМ-нен 04.06.2019 жылы 044512779 нөмірімен тіркелген жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

►Открылось наследство после смерти **Калиева Имамалика,** умершего 03 января 2024 года. Наследникам обращаться к нотариусу **Ерболаеву А.А., область Жетісу, Сарканский район, город Саркан, улица Тәуелсіздік, дом №100, квартира №16. Тел.8778 6589848.**

## *Оймақтай ой*

*Адам тұлғасы үшін екі иық қандай қажет болса адамның кісілігі үшін этика мен эстетика сондай қажет.*

**Айнұр ШАМШЕЙТОВА,**
**"Тағдыр сыйы" кітабынан.**

*Біздің көп-көп кінәміз түнде жасалады, сол түнде қайта кешіріледі.*

**Оралхан БӨКЕЙ,**
**«Өліара» кітабынан.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**«Жетісу облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ барша жұртшылықты, соның ішінде мүдделі қауымды төменде аталған жобалардың материалдарын қарау бойынша қоғамдық тыңдау өтетіні туралы хабарлайды:**

- «Жетісу облысы Сарқан ауданы Балқаш көлінің жағалау аймағын егжей тегжейлі жоспарлау»;

Жобаны әзірлеушісі – «Казгипроград» 1 Жобалау институты ЖШС.

Тел.: 8 (727)279-04-57; e-mail: kazgiprograd_1@mail.ru

**- «Жетісу облысы Сарқан ауданы Лепсі ауылының бас жоспармен біріктірілген егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын топографиялық түсірілімін орындай отырып, әзірлеу (түзету)»;**

Жобаны әзірлеушісі – «Табрис» ЖШС.

Тел.: 8 (727) 304-55-49; e-mail: tabris_arch@mail.ru.

Осыған орай, аталған шараға қатысқысы келетіндер «Сарқан аудандық құрылыс, сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне алдын ала 872839-22278 телефон бойынша хабарласуларыңызды сұраймыз.

**Қоғамдық тыңдаулар 2024 ж. 26 шілде сағ. 11:00-де Сарқан ауданы, Лепсі ауылы, М.Төлебаев көшесі №1 мекенжайындағы Лепсі ауылдық округінің әкімдігі аппаратының ғимаратында өтеді.**

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

**ГУ «Управление архитектуры и градостроительства области Жетісу» доводит до общего сведения, включая заинтересованную общественность о предстоящем проведении общественных слушаний по рассмотрению материалов проектов:**

- «Разработка (корректировка) проекта детальной планировки с выполнением топографической съемки прибрежной зоны озера Балхаш Сарканского района области Жетісу»;

Разработчик проекта - ТОО Проектный институт «Казгипроград»1.

Тел: 8 (727)279-04-57; e-mail: kazgiprograd_1@mail.ru

**- «Разработка (корректировка) генерального плана совмещенный с проектом детальной планировки с выполнением топографической сьемки села Лепси Сарканского района области Жетісу».**

Разработчик проекта - ТОО «Табрис».

Тел: 8 (727) 304-55-49; e-mail: tabris_arch@mail.ru

Желающих участников просим заблаговременно обратиться в ГУ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Сарканского района» по телефону: 872839-22278.

**Общественные слушания состоятся 26 июля 2024 г. по адресу: Сарканский район, с. Лепси, ул. М. Толебаева, № 1, в здании «Аппарат акима Лепсинского сельского округа» в 11 ч.00 м.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**«Жетісу облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ барша жұртшылықты, соның ішінде мүдделі қауымды:**

- «Жетісу облысы Сарқан ауданы Сарқан қаласының топографиялық түсірілімімен егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу» жобасының материалдарын қарау бойынша қоғамдық тыңдау өтетіні туралы хабарлайды.

Осыған орай, аталған шараға қатысқысы келетіндер «Сарқан аудандық құрылыс, сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне алдын ала 872839-22278 телефон бойынша хабарласуларыңызды сұраймыз.

**Қоғамдық тыңдаулар 2024 ж. 25 шілде сағ. 15:00-де Сарқан қ., Тәуелсіздік көшесі №111 мекенжайындағы Сарқан ауданы әкімдігі аппаратының ғимаратында өтеді.**

**Жобаны әзірлеушісі – ТОО «Колдау»**

**Тел: 8 747 225 02 81; e-mail: koldau-project@mail.ru**

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

**ГУ «Управление архитектуры и градостроительства области Жетісу» доводит до общего сведения, включая заинтересованную общественность о предстоящем проведении общественных слушаний по рассмотрению материалов проектов:**

- «Разработка проекта детальной планировки с выполнением топографической съемки города Саркан Сарканского района области Жетісу»;

Желающих участников просим заблаговременно обратиться в ГУ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Сарканского района» по телефону: 872839-22278.

**Общественные слушания состоятся 25 июля 2024 г. по адресу: г. Саркан, ул. Тауелсиздик №111, в здании «Аппарат акима Сарканского района» в 15 ч.00 м.**

**Разработчик проекта - ТОО «Колдау».**


SARQAN

Құрылтайшысы: "Сарқан газеті" ЖШС директоры ИГІМАН Жомарт Мақатұлы

Бас редактор: ЖЕҢІСХАН Партия

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы: 041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail: igiman01@mail.ru

Таралымы: 3012
Осы шығарылымның таралымы: 3012
Газет индексі: 35202,15202
Офсеттік басылым 1 баспа табақ
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.